

Ш. А. Ирисманбетова, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: П. З. Ишанов, педагогика ғылымдарының докторы.
(Ph.D.), доцент
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа білім берудегі күрделі мәселелердің бірі – біртұтас педагогикалық үрдіс кезіндегі сабақтарда пәнаралық байланысты жүзеге асыру. Пәнаралық байланыс — нақтылы ақиқатты байланыстың көрсеткіші. Ол өте күрделі жүйе болғандықтан ғылымның міндеті оның жеке құрамдарын, бөліктерін және өзара байланыстарын танып білу.

Пәнаралық байланыс оқу–білім танымында диалектикалық танымдарды жүзеге асырады. Ең алдымен пәнаралық байланыс әдіснамалық қызметті атқарады. Оқытудың пәндік жүйесінде жалпы білімнің идеялық–тәрбиелік құндылығын да, тәрбиелеп оқытудың басты шарты болып саналады¹.

Білім бреу қазіргі ғылымның, мәдениеттің ғылым-техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріспен қоғамдық дамудың жаңару процесіне тікелей ықпал жасайды. Сондықтан қазіргі таңда мск-

тептегі оқу процесіне пәнаралық байланыс ерекше көкейкесті орын алып отыр және жалпы педагогикалық маңызға ие болуда.

Ол сонымен қатар бізді қоршаған нақтылы өмір жөнінде айқын, толық және біртұтас ұғымдар беріп, қалыптастыруға көмектесетін пәнаралық байланыстың, көзқарастың үлкен рөлін атап көрсетті. Пәнаралық байланыс ұғымы өз ішінде мынандай үш бөліктен тұрады: байланыс құралы, байланыс амалы, байланыстың бағыттылығы. Бұлардың әрқайсысын жеке талдап қарастыру қажет:

Бірінші – байланыс құрамы. Бұған байланыстардың негізгі объектілері кіреді (оқу пәндері арасындағы құрамы мен тақырыптары және пәндік хабарламалардың объектілері)

Екінші - байланыс құралы, амалы. Бұл бір пәннен екінші пәнге және басқаларына хабар беру амалдары мен құралдары. Ал хабар кез келген теориялық жаңалық деп түсіндіріледі.

Үшінші – байланыстың бағыттылығы: хабардың, кейбір мәліметтердің бір пәннен екінші пәнге беріп отыру бағыты. Жоғарыдағы аталған пәнаралық байланыс ұғымының үш бөліктерінің құндылығы мынада: аталған құрлымдардың әртүрлі жағдайда болуы. Мәселен, ілеспелі, жалғаспалы, бірге болатын байланыстар, сонымен берге кездесіп отыратын байланыс, алдын-ала жүретін байланыстар.

Сөйтіп пәнаралық байланыс — маңызды дидактикалық - әдістемелік санат және оқыту жүйесінің бір мәселесі ретінде анықталады, яғни пәнаралық байланысты анықтау психологиялық, физиологиялық заңдылықтарға негізделген.

Жүйелілікті адам миының арнайы қызметі ретінде қарастырған И. П. Павлов адам миының аналитикалық-синтетикалық қызметін зерттеп, оны үздіксіз дамуда, өзгерісте болатынын анықтайды. Мида сыртқы дүниеден қабылданатын көптеген тітіркендіргіштер реттеліп жүйеге келетінін түсіндіреді².

Сондықтан ойлау нерв процестерінің күрделі динамикалық жүйесі болғандықтан, ол мидың, анализ, синтез қызметімен орындалады. Бұл жүйеге әр пәннің өз ішіндегі және пәндер бірлестігіндегі білімдер жүйесі сәйкес келеді.

Жалпы айтқанда пәнаралық байланыстың физиологиялық, психологиялық негізінің нәтижесі білімдер жүйесінің мида орналасуы адамның үнемі алдыға ұмтылушылығына жағдай туғызады да оның шығармашылық іс-әрекетіне дайын болатындығын дәлелдейді.

Осы бағытта пәнаралық байланыстың маңызын ашып көрсету мәселесі туындайды. Пәнаралық байланыстың маңызына мыналарды жатқызуға болады:

1. Оқу пәндер арасындағы өзара байланыстың болуы — ғылымдар негізін меңгерудің және білім жүйесінің дамуының қажетті шарты.

2. Дидактикалық көзқарастың қалыптасуы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді.

3. Пәнаралық байланыс жан-жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасайды.

4. Пәнаралық байланыс педагогикалық іс-әрекетті ғылыми негізінде тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

5. Педагогикалық ұжымның барлық іс-әрекеттерінің бір-бірімен келісімді және демократиялық негізінде жүріп отыруына әсер етеді.

Оқыту процесі дидактиканың санаттарының бірі. Ол дидактикалық санаттарда әрбір ғылымның мәні жинақталған білімнің негізінде бірнеше ұғымдар анықталады. Төменде сол ұғымдарға тоқталамыз.

Оқытудың қағидалары-оқыту процесінің тиімділігін арттыруға қажетті ең негізгі дидактикалық талаптар жүйесінен анықталады. Дидактикалық қағидалар оқушылардың таным қызметін және оқыту мақсаттарымен тығыз байланыста болады.

Оқыту процесінде оқу пәндерінің барлығында да ең жиі қолданылатын көрнекілік қағидасы, танымдық нақты деректер мен құбылыстарды оқушы сезімдік қабылдануынан бастайды. Дәлірек айтқанда сезім органдарының қатысумен оқыту процесі жүзеге асырылады.

Білім берудің мазмұны. Жеке адамның жан-жақты дамуы және қалыптасуы үшін меңгеретін білім, іскерлік, дағды білім беру мазмұны болып табылады. Оқыту әдісі оқушылардың таным қызметіне оқытушының басшылық ету тәсілі. Оқыту әдісі арқылы

тыңдаушыларды білім, іскерлік, дағдылармен қаруландыру және оларды жан-жақты дамыту мақсатында оқытушы мен тыңдаушы арасындағы өзара байланысты іс-әрекет жүзеге асырылады. Оқыту әдісі тыңдаушының өзінің танымдық тәжірибелік іс-әрекетіне жетекшілік жасайды.

Дидактикада педагогиканың басқа проблемаларымен қатар пәнаралық байланыс проблемасы тарихи дамып, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде мектеп алдына қойылған міндеттерді қарастырып отырады. Педагогика тарихында бірнеше дидактикалық жүйе болғаны мәлім.

Білім беруді жалпы адамзаттық құндылықпен ұштастыру, оқытуды өнімді еңбекпен нарықтық экономика негізінде жаңа тәуелсіз қоғамның рухани байлығы мол әр жақты дамыған іскер азаматын даярлаумен байланысты. Сонымен қатар қазіргі педагогика ғылымы оның ішінде дидактика оқытудың психологиялық негізін пәнаралық мазмұнын жаңаша қарастыруды көздеп отыр.

Дидактика оқыту психологиясының мәліметтеріне сүйене отырып, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың ішкі қозғаушы күштеріне жауап беретін тәсілдер мен амалдарын іздестіреді.

Оқу процесінің барысында оқушылар танымдық, практикалық, мақсатты – бағдарлы іс-әрекеттермен шұғылданады. Осы іс — әрекеттердің нәтижесінде оқушыда пәнаралық байланыс іскерлігі қалыптасады³.

Пәнаралық іскерлік оқушының бір пәннен меңгерген білім іскерлік дағдыларын, екінші жақын пәндерді меңгеруді пайдалана білу қабілетінен көрінеді. Мәселен, тіл әдебиет пәнінен меңгерген кітапты пайдалану іскерліктері, география, тарих, математика т. б. пәндерді оқып үйренуде қолданылады. Сол сияқты оқушының бір пәннен үйренген еңбек іскерліктері, екінші пәнді терең жан — жақты меңгеруге ықпал жасайды.

Пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық міндеті — ол оқыту процесінің білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты құру болып есептеледі.

Дидактика заңдылықтарына негізделген жаңа ғылыми ойлау адамды табиғаттың бөлігі деп есептейді. Тәрбие басқа да қоғамдық құбылыстар мен тығыз байланысты қарастырады. Адамның даму заңдылықтары адамның табиғатына белсенді ықпал жасау процесінде оны танып білетінін және өзін-өзі өзгертетінін дәлелдейді. Ғылыми дидактика үшін ғылыми білімдердің табиғатын, олардың өзара байланысын, оның философиялық-психологиялық әдіснамалық негізін айқындау. Оқушылардың диалектикалық дүниетанымын қалыптастыру үшін қажет.

Мұғалімнің материалды баяндауы оның оқушылармен әңгімелесуі, өзіндік жұмыстарды, әр түрі тапсырмаларды ұйымдастыруы т. б сонымен қатар оқушылардың мұғалімнің баяндағанын тыңдау, оның сұрақтарына жауап беру, ұсынылған тапсырмалары орындау. Осының барлығын байланыстыру пәнаралық байланыстың сыртқы жағдайын қарастырады.

Пәнаралық байланыстың ішкі жағдайы оның мәні ол оқушылардың білімді іскерлікті, дағдыны бірлікте игеруі, жеке бастың қалыптасуы және дамуы. Жоғарыдағы ішкі және сыртқы жағдайлар өзара байланыста оқыту процесі арқылы шешіледі. Қазіргі дидактиканың әдіснамалық негізіне гносеология танымдық теориясы диалектикалық заңдылыққа жатады.

Дидактикалық оқытуды таным білімнің бір көрінісі деп есептейді. Педагогикада оқыту теориясы үш негізге сүйеніп дамиды. Оқыту теориясының шартты заңдары бірінші философияға негізделіп дамиды, екіншісі өткен заманнан қалған педагогикалық прогресшіл ұлы мұраның осы күнгі оқыту теориясын дамыту үшін бірден-бір сарқылмайтын көзі болып табылатындығы. Мысалы, қазақ халқының даңқты педагогы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбектерінде көрсетілген өте бағалы оқыту әдістері мен принциптері дамытылып қолданылады. Үшіншісі мектептердегі мұғалімдердің озат тәжірибелері оқыту теориясының одан әрі дамуына ықпал етеді.

Жан-жақты тәрбие беру міндеттері мектепте оқушылармен оқу уақытынан тыс жүргізілетін оқыту процесі мен тәрбие жұмыстары барысында шешіледі. Мұғалім мен оқушылардың бұл салалардағы қызметтерінің әрқайсысының өздерінің айырмашылықтары мен

ерекшеліктері болады. Алайда олар өзара бөлінбестей байланысты, олар біртұтас оқу-тәрбие процесін құрайды. Оқушылар табиғат пен қоғам заңдылықтарын, адамдардың рухани өмірін сабақ үстінде де, сабақтан тыс кезде де ғылым негіздерін оқып-үйрену процесінде танып біледі. Бұл жағдайда оқытушы дайын біімдерге сүйеніп қоймай, өзі үгін жаңа болатын нағыз шын мәнісіндегі білім ретінде меңгереді. Мұғалім білім бере отырып балалардың сол білімді алу барысында мүмкіндіктерін зерттейді.

-
- ¹ *О. Мұсабаев.* Жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жөніндегі кәсіби педагогикалық ебеделіктерінің жүйесін жетілдіру. — Алматы, 1993.
- ² *Ж. Б. Қоянбаев.* Педагогика. — Алматы, 2004.
- ³ Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы. — Алматы, 2002.